

«Бекітілді»: 
№23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі: Урынтаева Р.Ж
31.08.2021ж. № 1 пед кеңестің шешімімен.



**2021 – 2022 оқу жылына арналған ПДК орта «Аққоян» тобында жүргізілетін
түзету жұмысының жоспары**

«Ақылды саусақтар – ақылды балалар»

Дефектолог: Шетірова Ә.Б.

2021 – 2022 оқу жылы

Түсінік хат

Қазіргі уақытта ортамызда болып жатқан әлеуметтік жанұя мәселелері, экологиялық-эканомикалық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, психикалық аурулары бар, кемтар болып туылатын нәрестелердің саны жыл сайын өсіп отыр. Ол үшін баланың психологиялық қажеттіліктерін, оқу үлгерімін зерттеп, дефектологиялық түзеу жұмыстарын ұйымдастырылуда. Психикалық даму кешеуілдеген бар балалардың құрамына қарай көптеген түрлері болады. Олардың бір бөлігінде орталық жүйке жүйесі аса қатты бұзылмаса, кейбірінде функционалдық жетілмеушілік байқалады. Сондай-ақ, ағзаның әлсіреуі, созылмалы аурулардың әсері психикалық-жүйке жүйесіне әсер ететіні сөзсіз, қолайсыз әлеуметтік шарттар мен психикалық соққыға әкелетін жағдайлар баланың психикалық дамуын тежейтін жағдайлардың тағы бір себебі.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан – жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу – ағарту жүйесінің үлесіне түсетінін ескерсек, білім негізі жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатын орны ерекше. Бағдарламадағы ұсынылған ойын арқылы баланы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балалардың ақыл – ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түседі, әрі пысықтауды көздейді. ПДК балаларының ынтасын арттыру, ой – өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, ауызша және жазбаша тілін жетілдіру, анық сөйлеуге, ойлылыққа, тапқырлыққа баулу мақсатын жүзеге асыруда зейінді дамытатын ойынның орны ерекше. Жұмыстың өзектілігі:

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың таным үдерістерін бағытты түрде дамыту, олардың толыққанды жетілуінің де бірде бір шарты болып табылады және еңбек етуіндегі, әлеуметтенуіндегі қиындықтардың пайда болуының алдын алады. Сондықтан, психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың зейінін, оның ішінде зейін көлемін дамытуға едәуір үлес қосатын жұмыс жүйесін өңдеп жасау бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Мақсаты:

Жалпы психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың ғажайып табиғатқа қызығушылығын арттыру, білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, ойындарды тиімді пайдалана отырып, дефектологиялық тұрғыдан диагностикалау және түзету арқылы, зейін көлемін дамыту.

Міндеттері:

Мүмкіндігі шектелген балалардың зейін көлемін дамытудың ерекшеліктерін анықтау.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балаларға арнайы таңдалып алынған дамыту ойындар мен жаттығулар арқылы жүйелі түрде түзете – дамыта оқыту.

Дидактикалық ойын баланы қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылауды үйренеді.

Баланың психикалық іс-әрекеттерін дамыту;

Түзету-дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;

Әр баланың жекелей қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;

Күтілетін нәтиже:

Үлкендермен, өзінің достарымен өзара қарым-қатынас жасау;

Өзінің ой-пікірі мен талап-тілектерін белсенді әрі ашық жеткізу;

Сөздік құрылым бойынша жеңіл іс-әрекеттерді орындау;

Жұмыстың жүргізілу уақыты: Жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтың ұзақтығы 25 - 30 минут мөлшерінде белгіленуі керек.

Ай	Апта	Түзетушілік сабақтың тақырыбы	Мақсаты	Қолданылатын көрнекіліктер
Қыркүйек	1-2	Баланың сөйлеу тіл бұзылыстарын анықтау мақсатында кешенді логопедиялық тексеру жұмыстарын ұйымдастыру қабілетін тексеру жұмыстары	Балалардың сөйлеу, ойлау қабілеттерін бақылау. Даму деңгейін сөз қорын тексеру.	Тексеруге арналған қажетті көрнекі альбомдар
	3	«Көңілді тіл ертегісі» (артикуляциялық аппараттарына арналған жаттығулар)	Артикуляциялық жаттығуларды қолдану арқылы сөйлеуін дамыту.	Айнамен жұмыс көбелек, мақта
	4	«Өнерлі екен он саусақ» (қолдың ұсақ моторикасын дамыту)	Қол моторикасы арқылы сөздік қорын, сөйлеу тәсілдерін дамыту.	Таяқшалар, моншақ, мозайка
Қазан	1	«Менің сүйікті ойыншығым»	Ойыншықтарды атауларын үйрету. Көру және есту арқылы есте сақтауды дамыту. Ойыншық атауларын, айырмашылығын дұрыс айтылуын қалыптастыру	Ойыншық заттар, суреттер
	2	«Күз, күзгі ағаштар»	Күзгі ағаштардың ерекшеліктерін танысу. Сөздік қорларын дамыту.	Күздің суреттері, ағаштардың суреті
	3	«Жемістер»	Балалардың жеміс - жидек туралы білімдерін кеңейту және оларды атауға үйрету. Жемістердің жеке ерекшеліктері мен сипаттамасын ұстау арқылы сезініп, атай білуін жетілдіру.	Жемістердің суреттері, ойыншық заттар
	4	«Көкөністер»	Балалардың көкөніс туралы білімдерін кеңейту және оларды атауға үйрету. Көкөністердің жеке ерекшеліктері мен сипаттамасын, атай білуін жетілдіру.	Көкөністер суреттері, ойыншық заттар

Қараша	1	«Үй құстары»	Үй құстарымен танысу және білімдерін жетілдіріп оларды атауға үйрету.	Үй құстарының суреттері
	2	«Жабайы құстары»	Жабайы құстарымен танысу . Сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту.	Құстардың суреттері
	3	«Үй жануарлары және төлдері»	Үй жануарларының түрлерімен таныстыру, түсініктерін арттыру, оларды атау және дыбыстау қабілеттерін көрсету, дыбыстарын салдыру	Жылқы, сиыр, қой, ит, ешкі, түйе, т.б. суреттер
	4	«Жабайы жануарлар және төлдері»	Жабайы жануарлардың алуан түрлілігімен таныстыру, оларды атау және дыбыстау қабілеттерін тексеру	Жануарлардың суреттер
Желтоқсан	1	«Қыс қызығы»	Күн суыту, қар түсу сияқты ерекше құбылыстардың қыс мезгілінде орын алатынын түсіндіру, өз тілдерінде сипаттай білуге үйрету.	Қыстың суреттер
	2	«Тәуелсіздік күні»	Ел, жер туралы мағұлматтармен танысып, ойлауын қабілетін жетілдіру.	Суреттер
	3	«Жаңа жылдық шырша»	«Жаңа жыл» мерекесі туралы түсініктерін сұрау. Жаңа жылды таныстыру, жаңа жыл мерекесіне байланысты өлең шумақтар жаттау	Шырша, ойыншықтар, суреттер
	4	«Көңілді қыс»	Күн суыту, қар түсу сияқты ерекше құбылыстардың қыс мезгілінде орын алатынын түсіндіру, өз тілдерінде сипаттай білуге үйрету.	Қыстың суреті

Қаңтар	1	«Киімдер»	Қысқы киімдердің атауымен оның бөлек бөліктерін анықтау; киімдердің белгілерін салыстыруға үйрету; күнделікті қолданылатын киім тұрғысындағы сөздерді молайту	Киімдердің суреті
	2	«Аяқ киімдер»	Аяқ киім түрлерімен танысу. күнделікті қолданылатын киім тұрғысындағы сөздерді молайту.	Аяқ киімдердің суреті
	3	«Ыдыстар»	Ыдыстардың атауларын анықтау;ас үйлік, асханалық шайға арналған ыдыстарды бір – бірінен ажыратуға үйрету, түсініктерін кеңейту.	Тұрмыста қолданылатын ыдыс-аяқ суреттері
	4	«Үй жиһаздар»	Жиһаздардың түрлеріне, қолданылу реттілігіне топтастыруларымен таныстыру және оның құрамдас бөліктеріне сипаттама жасау; асханалық, қонақ бөлмеге арналған т.б. жиһаз түрлерін ажыратуға үйрету. Сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру.	Жиһаздың суреті
Ақпан	1	«Көліктер»	Күнделікті бала өмірінде кездесетін көліктерді атқаратын қызметімен түрлері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларының толығына ықпал ету. Әр түрлі көліктердің дыбыстау ерекшеліктерімен таныстыру.	Көліктердің суреті
	2	«Мамандықтың бәрі жақсы»	Балаға өзін қоршаған ортадағы адамдардың мамандығы туралы сипаттама беру, әр маманның қызметінің ерекшеліктерін түсіндіру, мамандарды ажырату және атай білуге үйрету.	Әр мамандықтың суреттері, слайд
	3	«Ғажайып пішіндер»	Пішіндерімен танысу. Өз тұрғын үйі туралы түсінігін қалыптастыру, өз бөлмесін күтіп ұстауға үйрету.	Суреттер
	4	«Тазалыққа қажетті заттар»	қоршаған орта туралы ойларын, білімдерін дамыту.	Тазалық заттарының суреттері

Наурыз	1	«Ерте көктем»	Көктем мезгілінің өзіндік ерекшеліктерімен жан – жақты таныстыру, түсінік беру, көктем көріністеріне сипаттама жасай білуге дағдыландыру	көктем суреті
	2	«Аналар мерекесі»	Аналар күнімен кеңінен таныстыру, өз ойларын, түсініктерін білу.	Суреттер
	3	«Наурыз-жыл басы»	Наурыз мерекесі туралы кеңінен мағлұмат беру, салт-дәстүрмен таныстыру, өзіндік ерекшеліктерін ажырату.	Слайд
	4	«Жыл мезгілдері»	Жыл мезгілдерінің айырмашылықтарына тән атауларды сөздік қорына енгізу	Жыл мезгілдердің суреттері
Сәуір	1	«Ғарыш әлемі»	өз ауылы, туған өлкесі жайлы білу, туған жер туралы ойын дамыту.	Ғарыштың суреті
	2	«Жолда жүру ережесі»	Жол ережелері туралы білімдерін кеңейту, белгілермен таныстыру, жол ережелерін сақтау, жолда жүру тәртібін үйрету.	Жол белгілерінің суреттері
	3	«Менің дене мүшелерім»	Адамның дене мүшелерімен балаларды жан – жақты таныстыру. Көрнекі құралдардың көмегімен дене мүшелерін атауға дағдыландыру.	Суреттер
	4	«Бөлме гүлдері»	Өсімдіктің сан алуандылығымен таныстыру, оның өсу аймағымен таныстыру. Гүлдердің атаулары, оны күтудің жолдары туралы білімдерін бекіту.	Гүлдердің суреттер Спорттық заттар

Мамыр	1	«Аквариумдағы балықтар»	Өзін ұстауы, дос тануы, қоршаған орта туралы ойларын, білімдерін дамыту	Аквариумдегі балықтардың суреті
	2-3	«Жайдарлы жаз»	Жаз мезгілінің өзіндік ерекшеліктерімен жан – жақты таныстыру, жаз көріністеріне сипаттама жасай білуге дағдыландыру Оқушының сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін сөйлем құрастыру арқылы жазу тілін, математикасын тексеру	Жаз мезгілінің суретті , слайд
	4	Баланың сөйлеу тіл бұзылыстарын анықтау мақсатында кешенді логопедиялық тексеру жұмыстарын ұйымдастыру қабілетін тексеру жұмыстары	Оқушының сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін сөйлем құрастыру арқылы жазу тілін, математикасын тексеру.	Тексеруге арналған қажетті көрнекі альбомдар